

Анықтама

О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебі бойынша мектеп алды даярлық сыныптары жалпы білім беретін мектептердің құрамында жұмыс істейтіндіктен, олар мектепке дейінгі ұйым (балабақша) мәртебесіне кірмейді. Сол себепті: Мектепте мектепалды даярлық топтарына арналған 10 күндік үлгілік ас мәзірін әзірлеу қарастырылмаған, өйткені:

1. Жалпы білім беретін мектептерде тамақтандыруды ұйымдастыру нормативтері мектепке дейінгі ұйымдардың санитариялық талаптарынан өзгеше.
2. Мектепте мектеп жасындағы балаларға арналған бірыңғай ас мәзірі (1–11 сыныпқа) қолданылады.
3. Мектеп алды даярлық топтары балабақшаға теңестірілмейді, сондықтан балабақшаға арналған 10 күндік циклдік мәзірді қолдану заңдық тұрғыдан қарастырылмаған.
4. Мектептің материалдық-техникалық базасы мен тағам рационы мектеп жасына дейінгі балалар үшін талап етілетін бөлек нормаларды қамтамасыз етуге міндетті емес.
5. Санитариялық-эпидемиологиялық қағидаларда мектеп жағдайында даярлық сыныбы үшін жеке циклдік мәзір бекіту міндеті көзделмеген.

Жалпы білім беретін мектептер мектепке дейінгі ұйым мәртебесіне ие болмағандықтан, қолданыстағы санитариялық қағидаларға және мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін жарғылық талаптарға сәйкес мектеп жағдайында мектеп алды даярлық тәрбиеленушілеріне арналған арнайы 10 күндік циклдік ас мәзірін әзірлеу және ұсыну қарастырылмаған.

Осыған байланысты мектеп алды даярлық тәрбиеленушілеріне арналған 10 күндік ас мәзірі әзірленбейді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы №64 қаулысына және 2022 жылғы өзгерістер енгізілген №544/554 қаулысына сәйкес, мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету тәртібі төмендегідей: - 1–4 сынып оқушыларының барлығы тегін ыстық тамақпен қамтылады. - 5–11 сыныптарда әлеуметтік жағынан аз қамтылған, жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ төтенше жағдайдан зардап шеккен балаларға тегін ыстық тамақ беріледі. Бұл шараның мақсаты – балалардың дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету, денсаулығын сақтау және оқу процесінде күш-қуат беру, сондай-ақ әлеуметтік теңсіздікті азайту. Осыған байланысты мектеп әкімшілігі тиісті тізімдерді жасап, 10 күндік ас мәзірін дайындап оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастырады.



Орындаған:

Әлеуметтік педагог Е.Сунгатов